

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Мухияева Д.М.*¹, Турмаханбетова Г.А.¹, Хасенова К.К.¹

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

АНДАТПА. Цифрлық трансформация және еңбек нарығындағы тұрақсыздық жағдайында болашақ дағдыларын (Future Skills) қалыптастыру тұрақты даму стратегиясының маңызды ресурсына айналуға. Осы зерттеудің мақсаты – XXI ғасырдың негізгі құзыреттерін қалыптастыруға ықпал ететін үздіксіз білім беру жүйесіндегі корпоративтік басқару моделін негіздеу. Зерттеу нысаны ретінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Үздіксіз білім беру институты таңдалды. Зерттеудің әдіснамалық негізі жүйелік, институционалдық және стратегиялық тәсілдер, сондай-ақ салыстырмалы талдау элементтерін қамтиды. Мақалада цифрлық, басқарушылық және трансверсалдық құзыреттерді дамытуға бағытталған Институттың ұйымдық құрылымы, бағдарламалық бастамалары мен басқару тетіктерінің талдау нәтижелері ұсынылған. Микросертификаттау, қайта даярлау, біліктілікті арттыру бағдарламалары, сондай-ақ цифрлық оқыту платформалары мен стратегиялық жоспарлауды енгізу мәселелеріне ерекше назар аударылады. Білім беру процесінің икемділігі мен бейімделгіштігін қамтамасыз ететін стратегиялық, операциялық және цифрлық деңгейлерден тұратын үш контурлы басқару моделі ұсынылды. Мақалада жаһандық бәсекеге қабілеттілік пен кәсіби ортадағы өзгерістерге байланысты үздіксіз білім беру жүйесін одан әрі дамыту бағыттары қарастырылады. Зерттеудің практикалық маңыздылығы – ұсынылған модельді Қазақстан және басқа елдер университеттері жағдайында қолдану мүмкіндігінде. Алынған нәтижелер білім беру ұйымдарын дамыту стратегияларын жетілдіруге және цифрлық экономика үшін кадрларды даярлау бағдарламаларын жобалауға негіз болады.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: корпоративтік басқару, үздіксіз білім беру, болашақ дағдылар, цифрлық трансформация, кәсіби даму.

Корпоративное управление и развитие навыков будущего через программы непрерывного образования

Мухияева Д.М.*¹, Турмаханбетова Г.А.¹, Хасенова К.К.¹

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

АННОТАЦИЯ. В условиях цифровой трансформации и нестабильного рынка труда возрастает необходимость формирования навыков будущего (Future Skills) как стратегического ресурса устойчивого развития. Целью настоящего исследования является обоснование модели корпоративного управления в системе непрерывного образования, способствующей формированию ключевых компетенций XXI века. В качестве объекта анализа выбран Институт непрерывного образования Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева. Методологическая основа исследования включает системный, институциональный и стратегический подходы, а также элементы сравнительного анализа. В статье представлены результаты анализа организационной структуры, программных инициатив и механизмов управления Института непрерывного образования, направленных на развитие цифровых, управленческих и трансверсальных компетенций. Особое внимание уделено программам микросертификации, переподготовки и повышения квалификации, а также внедрению цифровых платформ обучения и стратегического планирования. Разработана трёхконтурная модель корпоративного управления, включающая стратегический, операционный и цифровой уровни, обеспечивающая гибкость, подотчетность и адаптивность образовательных процессов. Представлены направления дальнейшего развития системы непрерывного образования с учетом вызовов глобальной конкуренции и изменений в профессиональной среде. Практическая значимость исследования заключается в возможности тиражирования предложенной модели в университетской среде Казахстана и за её пределами. Полученные результаты могут быть использованы для совершенствования стратегий развития образовательных организаций и проектирования программ подготовки кадров для цифровой экономики.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: корпоративное управление, непрерывное образование, навыки будущего, цифровая трансформация, профессиональное развитие.

Corporate governance and development of future skills through lifelong learning programs

Mukhiyayeva D.M.¹, Turmakhanbetova G.A.¹, Khassenova K.K.¹

¹L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

ABSTRACT. In the context of digital transformation and a volatile labor market, the development of Future Skills has become a strategic resource for sustainable growth. This study aims to justify a corporate governance model in the system of lifelong learning that fosters the development of key 21st-century competencies. The object of analysis is the Institute of Continuing Education at L.N.Gumilyov Eurasian National University. The methodological basis of the research includes systems, institutional, and strategic approaches, as well as elements of comparative analysis. The article presents an analysis of the organizational structure, program initiatives, and governance mechanisms of the Institute aimed at developing digital, managerial, and transversal competencies. Particular attention is paid to micro-certification, retraining, professional development programs, and the implementation of digital learning platforms and strategic planning. A three-tiered corporate governance model is proposed, consisting of strategic, operational, and digital levels that ensure flexibility, accountability, and adaptability of educational processes. The paper also outlines directions for further development of lifelong education systems in light of global competition and changes in the professional environment. The practical value of the study lies in the potential replication of the proposed model in other Kazakhstani and international universities. The findings can be applied to improve the strategic development of educational institutions and design workforce training programs for the digital economy.

KEYWORDS: corporate governance, lifelong learning, future skills, digital transformation, professional development.

КІРІСПЕ. Әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі кезеңі жеделдетілген цифрлық трансформациямен, еңбек нарығының құрылымындағы өзгерістермен және адами капиталдың икемділігі мен бейімделуіне қойылатын талаптардың өсуімен сипатталады. Мұндай жағдайларда цифрлық, басқарушылық, коммуника- тивтік және метадағдыларды қамтитын болашақ дағ- дыларын (Future Skills) қалыптастыру білім беру саяс- ты мен ұйымдардың тұрақты дамуы үшін стратегиялық бағытқа айналды. Сонымен қатар, қосымша және үздіксіз білім беру сегментінде корпоративтік басқарудың рөлі артуда. Тиімді корпоративтік басқару білім беру институт- тарының сыртқы ортаның өзгермелі сұраныстары- на бейімделуіне ықпал ете отырып, олардың страте- гиялық бағдарлануын, ашықтығын, есептілігін және тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл әсіресе маман- дарды қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға және

бейресми оқыту үдерістеріне жауапта университеттік құрылымдарда ерекше маңызға ие.

Зерттеудің өзектілігі XXI ғасырдың құзыреттіліктерін қалыптастырудың басымдықтарын ескере отырып, білім беру ұйымдарын басқару модельдерін өзгерту қажеттілігімен анықталады. Future Skills және үздіксіз білім беру мәселелеріне деген қызығушылықтың артуына қарамастан ғылыми әдебиеттерде университет ортасында осындай дағдыларды қалыптастыру міндеттеріне бейімделген корпоративтік басқару модельдері жеткілікті дәрежеде әзірленбеген.

Мақаланың мақсаты Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Үздіксіз білім беру институтының мысалында болашақ дағдыларын дамытуға ықпал ететін корпоративтік басқару моделін негіздеу және талдау болып табылады.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- Институттың ұйымдық құрылымы мен басқару тетіктерін талдау;
- Future Skills қалыптастыруға бағытталған негізгі білім беру бастамаларын анықтау;
- үдерістердің икемділігін, есептілігін және цифрландырылуын қамтамасыз ететін корпоративтік басқару моделін ұсыну;
- жаһандық бәсекелестік жағдайында үздіксіз білім беруді трансформациялаудың перспективалық бағыттарын айқындау.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ. Зерттеу объектісі - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Үздіксіз білім беру институты. Бұл университеттің қайта даярлау, біліктілікті арттыру, бейресми білім беру және микросертификаттау саласындағы стратегиялық маңызды бағыттарды іске асыратын құрылымдық бөлімшесі.

Зерттеу пәні ретінде үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқарудың корпоративтік моделі арқылы болашақ дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін басқару және ұйымдастыру тетіктері қарастырылады.

Зерттеудің әдіснамалық негізін келесі тәсілдер құрайды:

- институтты ішкі және сыртқы өзара әрекеттесуі бар біртұтас ұйымдастырушылық жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін жүйелік тәсіл;
- білім беру ұйымындағы басқару үдерістерін айқындайтын ресми және бейресми нормаларды талдауға бағытталған институционалдық тәсіл;
- цифрлық экономиканың сыртқы сын-қатерлері мен басымдықтарын ескере отырып, дамудың ұзақ мерзімді мақсаттары мен негізгі бағыттарын анықтауға бағытталған стратегиялық тәсіл.

Деректерді жинау және талдау үшін келесі әдістер қолданылды:

- институттың ішкі құжаттамасына мазмұнды талдау (есептер, стратегиялық жоспарлар, білім беру бағдарламалары);
- үздіксіз білім беру жүйесінде іске асырылатын білім беру тәжірибелері мен басқару модельдерін салыстырмалы талдау;
- Future Skills-ке бағдарланған басқару моделін құру және материалдарды интерпретациялау үшін авторлық аналитикалық тәсілді қолдану.

Талдау 2018-2024 жылдар аралығын қамтиды, бұл институционалдық көрсеткіштердің даму динамикасын және цифрлық трансформация жағдайында білім беру бастамаларының нәтижелілігін бақылауға мүмкіндік береді.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ. Жүргізілген талдау нәтижесінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Үздіксіз білім беру институтының институционалдық жетілудің жоғары

дәрежесіне ие екендігін және болашақ дағдыларын қалыптастыру стратегиясын іске асыру аясында тұрақты даму динамикасын көрсетіп отырғаны анықталды. 2018-2024 жылдар аралығында білім алушылар саны 32 адамнан 11 000-нан астам адамға дейін артқан, ал тартылған қаражат көлемі 25,6 миллион теңгеден 357 миллион теңгеге дейін өскен (1-сурет). Бұл бағдарламаларға деген сұраныстың артқанын және басқару моделінің тиімділігін көрсетеді [1].



Сурет 1 – Үздіксіз білім беру институтының 2018-2024 жылдардағы кірісі

Үздіксіз білім беру институтының стратегиясы әртараптандырылған бағдарламалар портфелі арқылы жүзеге асырылып, цифрлық, басқарушылық, пәнаралық және трансверсалды құзыреттерді дамытуға бағытталған. Ерекше назар профессорлық-оқытушылар құрамына арналған біліктілікті арттыру бағдарламаларына, мамандарды қайта даярлау курстарына, магистранттарға арналған педагогикалық модульдерге, бухгалтерлер мен аудиторларға арналған сертификаттау бағдарламаларына, сондай-ақ мектеп мұғалімдерін оқытуға аударылған. Маңызды бастамалар қатарында халықаралық EMBA бағдарламасының іске қосылуы, «Күміс университет» жобасының жүзеге асырылуы және шетелдік тыңдаушыларға арналған курстардың дамуы бар.

Микросертификаттау мен цифрлық форматтарды енгізуге де ерекше көңіл бөлінеді. ACCA акредиттелген екі емтихан орталығының ашылуы және емтихан үдерісінің Computer Based Exams форматында цифрландырылуы институттың кәсіби ортадағы беделін арттырды. 2023-2024 жылдары 35 тыңдаушы сертификаттау емтихандарынан өтті, ал Алматы қаласында филиал ашу арқылы қызмет ауқымы кеңейтілді.

Басқару деңгейінде Үздіксіз білім беру институты корпоративтік принциптерді стратегиялық жоспарлау, ішкі бақылау, қаржылық және академиялық есептіліктің ашықтығы, сондай-ақ бағдарламалық саясаттың икемділігі арқылы жүзеге асырады. Стратегиялық құжаттар мен есептер сандық және сапалық индикаторларды (тыңдаушылардың қанағаттануы, түлектердің жетістіктері, сертификатталған мамандардың үлесі) қамтитын нақты KPI көрсеткіштері бар екендігін көрсетеді.

Стратегиялық даму аясында Институт болашақ құзыреттерін кеңейтуге және индустриямен тұрақты ынтымақтастықты дамытуға бағытталған басым жобаларды жүзеге асыруда. Олардың ішінде:

- ESG Management School-мен бірлесіп тұрақты даму және ESG тақырыбы бойынша EMBA бағдарламасын іске қосу;

- УрГЭУ университетімен серіктестікте «Экономика және денсаулық сақтауды ұйымдастыру» тақырыбында Mini EMBA бағдарламасы;

- «Talar» КеАҚ-пен бірлесіп техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі үшін корпоративтік басқару саласындағы көшбасшыларды даярлау;

- саларалық құзыреттердің бір бөлігі ретінде жобалық басқару, сыни ойлау және өзгерістерді басқару модульдерін енгізу.

Бұл бастамалар Институттың білім беру қызметінің практикалық бағытын, оның әріптестік ұстанымын және цифрлық экономиканың кадрлық әлеуетін қалыптастыруға қосқан үлесін күшейтеді.


Үздіксіз білім беру институтының ішкі әлеуеті мен дамуындағы сыртқы жағдайларды кешенді бағалау мақсатында SWOT-талдау жүргізілді. Бұл талдау Институттың күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, сонымен қатар оның тұрақты дамуына әсер етуі мүмкін масштабтау мүмкіндіктері мен тәуекелдерін белгілеуге мүмкіндік береді. Талдау нәтижелері төмендегі 1-кестеде ұсынылған.

Кесте 1 - Үздіксіз білім беру институтына SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> - Қаржылық көрсеткіштердің тұрақты өсуі; - Білім беру бағдарламалары аясын кеңейту; - Ұлттық және халықаралық деңгейде аккредитациялар мен мойындалу; - Жаңа бастамаларды іске қосудағы жоғары икемділік. 	<ul style="list-style-type: none"> - Университет ішіндегі құрылымаралық интеграцияны күшейту қажеттілігі; - Кейбір жаңа бағыттарды ауқымды дамытуға арналған ресурстардың шектеулілігі.
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатер
<ul style="list-style-type: none"> - Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту; - Оқыту мен микросертификаттауға арналған цифрлық платформаларды дамыту; - Тұрақты даму мен цифрлық трансформация дағдыларына деген сұраныстың артуы. 	<ul style="list-style-type: none"> - Жеке және халықаралық білім беру платформалары тарапынан бәсекелестіктің күшеюі; - Еңбек нарығы мен білім беру сұраныстарының жылдам трансформациясы.

Талдау барысында анықталған күшті жақтар іске асырылып жатқан басқару тәсілдерінің өзектілігі мен тиімділігін растайды, ал әлсіз жақтары мен қауіптер басқару моделін үнемі жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен, басқару тәжірибесін жалпылау негізінде корпоративтік басқарудың үш контурлы моделі ұсынылады, ол келесі элементтерден тұрады (2-сурет).



Сурет 2 – Үздіксіз білім беру институтын корпоративтік басқарудың үш контурлы моделі

Құрылымдық тұрғыдан модель өзара байланысты бірнеше басқару контурларының болуын көздейді. Бірінші контур – стратегиялық – Институттың Даму

кеңесін, Стратегиялық бастамалар комитетін және бизнес, мемлекеттік органдар мен кәсіби қауымдастықтардың өкілдері қатысатын серіктестік платформаларды қамтиды. Бұл деңгей басым бағыттарды айқындайды, стратегиялық мақсаттарды қалыптастырады және институттың бастамаларын университет пен ұлттық білім беру саясатына сәйкестендіру үшін жауап береді.

Екінші контур - операциялық - оқу-әдістемелік комиссияларды, бағыттар бойынша жобалық командаларды (мысалы, цифрлық сауаттылық, ESG, soft skills) және нақты білім беру модульдерін іске асыруға жауапты үйлестіру топтарын қамтиды. Бұл деңгейдің маңызды функциясы – бағдарламалық басқарудың икемділігін қамтамасыз ету, курстарды жедел жаңарту және оқытудың жаңа форматтарын енгізу.

Модельде цифрлық контур ерекше рөл атқарады, ол шешім қабылдау үдерісін ақпараттық-аналитикалық тұрғыдан қолдаумен қамтамасыз етеді. Бағдарламаларды басқарудың бірыңғай цифрлық платформасын енгізу, кері байланыс және оқу нәтижелерін мониторингілеу жүйелерін біріктіру басқару үдерістерінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Үздіксіз білім беру институтында ұсынылған корпоративтік басқару моделін тиімді іске асыру үшін білім беру процестерінің икемділігін, бейімделуін және тұрақтылығын қамтамасыз ететін өзара байланысты тетіктер кешенін пайдалану талап етіледі (3-сурет).



Сурет 3 – Корпоративтік басқару моделін іске асырудың негізгі тетіктері

Модельді іске асырудың негізі тетігі ретінде жобалық басқару қарастырылады, ол қысқа мерзімде және аудиторияның нақты сұраныстарына бағытталған білім беру бастамаларын іске қосуға мүмкіндік береді. Осы логика аясында әрбір жаңа бағдарлама, модуль немесе курс шектеулі мерзімдері, мақсатты индикаторлары және орындаушылар командасы бар жоба ретінде әзірленеді. Мұндай тәсіл икемділікті қамтамасыз етеді, келісу үдерістерін жеделдетеді және табысты тәжірибелерді жедел түрде кеңейтуге мүмкіндік береді [2].

Басқару үдерістерін цифрландыру модельдің тұрақтылығының маңызды шарты болып табылады. Оқу жоспарын құру, тыңдаушылардың қанағаттану деңгейін бағалау, аналитикалық есептер және ішкі аудит рәсімдерін біріктіретін бірыңғай цифрлық ортаны әзірлеу және енгізу бағдарламаларды объективті және уақтылы түзетуге жағдай жасайды [3].

Сонымен қатар, модель сыртқы мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды формализациялауды қарастырады. Бұл жұмыс берушілердің, сарапшылардың және кәсіби қауымдастықтардың білім беру бастамаларын жобалауға, апробациялауға және бағалауға тұрақты қатысу тетіктерін әзірлеуді білдіреді.

Аталған тетіктердің кешенді түрде іске асырылуы Үздіксіз білім беру институтының серпінді дамуына, цифрлық экономика жағдайында оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және еңбек нарығы өзгерістеріне бейімделуіне ықпал етеді. Жобалық басқару, цифрлық құралдар және индустриялық серіктестік жүйелі түрде интеграцияланған жағдайда, білім беру бағдарламаларын қазіргі заман талаптарына бейімдеу үдерісі жеделдейді және Институттың стратегиялық тұрақтылығының жоғары деңгейі қамтамасыз етіледі [4].

Ұсынылған корпоративтік басқару моделін енгізу Институттың қызметінің тұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге, оны болашақ дағдыларын дамыту орталығы ретінде нығайтуға және сыртқы сұраныстарға бейімделу деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл модель аясында цифрландыру тетіктерін кезең-кезеңімен енгізу, серіктестіктерді кеңейту, білім беру бағдарламаларын әртараптандыру жағдайында Үздіксіз білім беру институты қызметінің негізгі көрсеткіштерінің одан әрі өсуі болжанады.


Өткен жылдардың (2018-2024) динамикасын және ағымдағы стратегиялық бастамаларды талдау негізінде келесі нәтижелер күтілуде:

- **Қаржылық өсім:** қазіргі қарқын сақталған жағдайда және жаңа бағдарламалар іске қосылғанда (соның ішінде EMBA, ESG, цифрлық құзыреттер), тартылған қаражаттың болжамды көлемі 2025 жылы 400 млн теңгеге жетіп, 2029 жылға қарай 500 млн теңгеден асады деп күтілуде. (4-сурет).



Сурет 4 – 2025-2029 жылдарға арналған кірістер болжамы

- **Тыңдаушылар санының артуы:** микросертификаттауға және гибриді форматтарға қызығушылықтың артуын ескере отырып, білім алушылардың жалпы саны 2025 жылы 3520-дан астам адамды құрауы мүмкін, одан әрі 2029 жылы 7000-ға дейін өсуі мүмкін (5-сурет).



Сурет 5 – 2025-2029 жылдарға арналған тыңдаушылар санының болжамы

Маңызды трансформациялық бағыттардың бірі ретінде Үздіксіз білім беру институтының білім беру қызметін индустриялық және мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимылды күшейту арқылы дамыту қарастырылады. Бағдарламалардың тәжірибеге бағдарлануы артыру және оларды еңбек нарығының өзекті талаптарына сәйкестендіру мақсатында бірнеше негізгі серіктестік тетіктерін дамыту көзделген:

1. Нарықтағы ең өзекті сұраныстарға сәйкес кадрларды даярлауға бағытталған жетекші компаниялар

мен және мемлекеттік органдармен бірлескен бағдарламаларды әзірлеу;

2. Салалық мамандарды бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға тарты, бұл бағдарламалардың қолданбалы сипатын арттыруға мүмкіндік береді;

3. Индустриялық серіктестердің қатысуымен тағымдамалар, воркшоптар және кейс-чемпионаттар ұйымдастыру, бұл алынған білім мен дағдыларды практикалық түрде бекітуге ықпал етеді.

Осы бағыттарды іске асыру білім беру бағдарламаларының қолданбалы бағытын едәуір арттыруға, стратегиялық серіктестіктер желісін кеңейтуге және түлектерге ұлттық және халықаралық еңбек нарықтарында неғұрлым жоғары бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [5].

Тиімді білім беру тәжірибелерін кеңінен тарату және масштабтау үшін барлық бағдарламалар, модульдер мен микросертификаттарды біріктіретін бірыңғай цифрлық платформаны құру қажет. Мұндай платформа білім беру өнімдерінің қолжетімділігін арттырып, Үздіксіз білім беру институтының брендин нығайтуға ықпал етеді [6].

Үздіксіз білім беру институты брендин болашақ дағдыларының ұлттық орталығы ретінде дамытуға ерекше назар аудару қажет. Бұл үздіксіз білім беру, цифрландыру және адами капиталды дамыту саласындағы ұлттық және халықаралық бастамаларға белсенді қатысуды көздейді.

Осылайша, Институттың қызметі стратегиялық басқару, цифрлық құралдар және білім беру миссиясының табысты интеграциясын көрсетеді. Әзірленген корпоративтік басқару моделі үздіксіз білім беру жүйесін Future Skills қағидаттарына сүйене отырып трансформациялауға мүдделі басқа университеттер үшін үлгі бола алады.

ҚОРЫТЫНДЫ. Жүргізілген зерттеу Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Үздіксіз білім беру институтының басқару моделін жан-жақты талдауға және оны болашақ дағдыларын дамытуға бағытталған заманауи корпоративтік тәсілдің үлгісі ретінде сипаттауға мүмкіндік берді. Ұйымдық құрылым, білім беру бастамалары, цифрландыру тетіктері мен индустриямен өзара іс-қимыл мәселелерін зерттеу нәтижесінде икемділікке, есептілікке және орнықты дамуға бағытталған үш контурлы корпоративтік басқару моделі ұсынылды.

Барлық қойылған міндеттерге қол жеткізілді: негізгі білім беру бағыттары анықталды, басқарушылық трансформация тетіктері негізделді, цифрлық экономика мен жаһандық бәсекелестік жағдайында даму векторлары белгіленді.

Алынған нәтижелердің ғылыми да, практикалық та маңызы зор. Олар басқа университеттер үшін үздіксіз білім беру стратегияларын бейімдеуге, модульдік бағдарламалар әзірлеуге және сапаны цифрлық бақылау тетіктерін енгізуге қолданылуы мүмкін. Ұсынылған модель мамандарды даярлау жүйесін еңбек нарығы мен технологиялық үрдістер талаптарына сәйкес трансформациялау үшін әдістемелік негіз бола алады.

ӘДЕБИТЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилёва. Анализ динамического роста Института непрерывного образования за 2018-2024 гг. – Астана: ЕНУ, 2024.
2. Фастыковский А.Р., Козырев Н.А., Козырева О.А. Проектная деятельность обучающегося в системе непрерывного образования: направления и перспективы // Вестник РМАТ. – 2021. - № 2. – С. 59-63.
3. Iskakova M. Prospects for Using E-Learning Tools to Implement the Concept of «Lifelong Learning» // E-Learning Innovations Journal. – 2024. – Vol. 2, No. 2. – P. 80-101.
4. Embracing a culture of lifelong learning: Contribution to the Futures

of Education initiative. – Hamburg: UNESCO Institute for Lifelong Learning, 2020. – 44 p.

5. Коршунов И.А., Зайцева Н.А., Лапшина И.В. Управленческие практики и результативность вузов в реализации непрерывного образования // Высшее образование в России. – 2023. – Т. 32, № 1. – С. 9-34.

REFERENCES:

1. Evrazijskij nacionalnuy universitet imeni L.N.Gumiljova. Analiz dinamicheskogo rosta Instituta nepreryvnogo obrazovaniya za 2018-2024 gg. – Astana: ENU, 2024 [in Russian].

2. Fastykovskij A.R., Kozyrev N.A., Kozyreva O.A. Proektnaja dejatel'nost' obuchajushhegosja v sisteme nepreryvnogo obrazovaniya: napravlenija i perspektivy // Vestnik RMAT. – 2021. – № 2. – С. 59-63 [in Russian].

3. Iskakova M. Prospects for Using E-Learning Tools to Implement the Concept of «Lifelong Learning» // E-Learning Innovations Journal. – 2024. – Vol. 2, No. 2. – P. 80-101.

6. Zhang X.B. et al. Transformation of Education in the Digital Age: Theory and Practice of Constructing a Digital University and Lifelong Learning System // Proceedings of the 2024 8th International Conference on Digital Technology in Education (ICDTE). – 2024. – P. 160-167.

4. Embracing a culture of lifelong learning: Contribution to the Futures of Education initiative. – Hamburg: UNESCO Institute for Lifelong Learning, 2020. – 44 p.

5. Korshunov I.A., Zajceva N.A., Lapshina I.V. Upravlencheskie praktiki i rezultativnost' vuzov v realizacii nepreryvnogo obrazovaniya // Vyshee obrazovanie v Rossii. – 2023. – Т. 32, № 1. – С. 9-34.

6. Zhang X.B. et al. Transformation of Education in the Digital Age: Theory and Practice of Constructing a Digital University and Lifelong Learning System // Proceedings of the 2024 8th International Conference on Digital Technology in Education (ICDTE). – 2024. – P. 160-167.

АВТОРЛАР МӘЛІМЕТІ:

Мухияева Динара Мухтаржановна* – PhD, ассоциированный профессор заведующий кафедрой «Менеджмент», Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, ул. К.Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан. E-mail: dinara_muhiyeva@mail.ru

Турмаханбетова Галия Атабековна – PhD, старший преподаватель кафедры «Финансы» Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Республика Казахстан. E-mail: turgalat@mail.ru

Хасенова Кенжегуль Калмуратовна – к.э.н., ассоциированный профессор, доцент кафедры «Менеджмент», Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Республика Казахстан. E-mail: n_kenzhegul@mail.ru

Мухияева Динара Мухтаржановна* – PhD, қауымдастырылған профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ., Қазақстан Республикасы. E-mail: dinara_muhiyeva@mail.ru

Турмаханбетова Галия Атабековна – PhD, «Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы. E-mail: turgalat@mail.ru

Хасенова Кенжегуль Калмуратовна – э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ., Қазақстан Республикасы. E-mail: n_kenzhegul@mail.ru

Mukhiyayeva Dinara Mukhtarzhanovna – PhD, Head of the Department of Management, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: dinara_muhiyeva@mail.ru

Turmakhanbetova Galiya Atabekovna – PhD, Senior Lecturer, Department of Finance, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: turgalat@mail.ru

Khassenova Kenzhegul Kalmuratovna – Cand. Sc. (Econ.), Associate Professor Department of Management, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan. E-mail: n_kenzhegul@mail.ru

МРНТИ 06.54.51
УДК 330.341

DOI 10.58319/26170493_2025_4_129

УРОВЕНЬ ЦИФРОВОЙ ГРАМОТНОСТИ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА: ТЕНДЕНЦИИ, РАЗЛИЧИЯ И ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ

Курманов Н.А.¹, Байдаков А.К.^{2*}, Вэй Фэн³, Сатбаева А.Ж.^{1,4}

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан; ²Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, Астана, Казахстан; ³Северо-западный университет A&F, Колледж экономики и менеджмента, Синьян, Китайская Народная Республика; ⁴АО «Банк развития Казахстана»

АННОТАЦИЯ. В статье рассмотрены ключевые тенденции формирования цифровой грамотности населения Казахстана в 2019-2024 гг. как одного из важнейших индикаторов цифровой трансформации общества. Обоснована актуальность исследования, связанная с необходимостью преодоления цифрового неравенства, обусловленного возрастными, территориальными и региональными различиями. Цель исследования заключается в анализе уровня цифровой грамотности населения Казахстана с учетом возрастных, территориальных и региональных аспектов.

В качестве объекта исследования выбран уровень цифровой грамотности населения Казахстана, характеризующийся как доля пользователей, владеющих навыками работы с персональным компьютером, мобильными устройствами, стандартными программами, а также получением услуг и сервисов через сеть Интернет. В работе использованы результаты выборочных обследований домашних хозяйств, проведенных Бюро национальной статистики РК на репрезентативной совокупности в 21 000 домохозяйств ежегодно. Применены методы описательной статистики и сравнительного анализа, что позволило выявить закономерности роста цифровой грамотности и определить факторы цифрового неравенства.

Показано, что уровень цифровой грамотности населения имеет устойчивую положительную динамику во всех возрастных категориях, при этом наибольшие темпы роста отмечены среди молодежи. Выявлено сохранение разрыва между городом и селом, а также между регионами, где различия достигают 14 процентных пунктов. Проанализированы региональные различия и обозначены лидеры и аутсайдеры по показателю цифровой грамотности.

Определены ключевые направления повышения цифровой грамотности, включающие развитие инфраструктуры, расширение образовательных программ, социальная инклюзия, государственно-частное партнерство и кибербезопасность.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: цифровая грамотность, цифровое неравенство, информационно-коммуникационные технологии, региональные различия, цифровая трансформация, цифровая инклюзия.

Қазақстан халқының цифрлық сауаттылық деңгейі: үрдістер, айырмашылықтар және жоғарылату жолдары

Курманов Н.А.¹, Байдаков А.К.^{2*}, Вэй Фэн³, Сатбаева А.Ж.^{1,4}

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан; ²С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан; ³A&F Солтүстік Батыс университеті, Экономика және менеджмент колледжі, Синьян, Қытай Халық Республикасы; ⁴«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ

АНДАТПА. Мақалада қоғамның цифрлық трансформациясының маңызды индикаторларының бірі ретінде Қазақстан халқының 2019-